

Төрт түлік мал туралы
өлеңдеріндегі халық даналығы.
Жан - жануарлар, жәндіктер
туралы өлеңдеріндегі әсемдік
әлемі.




Қазақ халқында төрт түлік мал деген ұғым бар. Әр түліктің киесі мен иесі бар деп есептеген.

Жылқы - иесі Қамбар ата.


Түйе - иесі Ойсыл қара.


Сиыр - иесі Зеңгі баба.

Қой - иесі Шопан ата.



“Жылқы – малдың патшасы”





Қобланды сонда: “Шу” деді
Құбылып бурыл гуледі...

Табаны жерге тимеді,
Көлденен жатқан көк тасты

Тікеп тиген тұяғы

Саз балшықтай иледі...

Қарсы келген қабақтан
Қарғып басып жөнелді.

Сеңгір - сеңгір таулардан
Секіре басып жөнелді.

Ол төбе мен бұл төбе,
Бауыры шұбар көл төбе,

Онан да өтіп жөнелді.

Ұмтылғанда қысылып

Бес жүз құлаш жазылды.

Бурыл көкке секірді,

Омырауда тер көпірді.

Шаба - шаба шағылды,

Табаны тиіп ұшқан тас,

Қызылбас мылтық оғындай

Шаншылып көкке атылды,

Тақиядай көрмеді



Үстіндегі батырды.

Арандай аузын ашады,

Аяғын топ-топ басады

Бір төбенің тозаңын

Бір төбеге қосады.



Ал, Алпамыстың Байшұбары мыстан кемпірдің иесі
білмей тұрған арамдығын сезіп, оны теуіп, мінгестірмейді.
Алпамыс зынданда жатқанда Байшұбар дұшпанға бағынбайды.


"сол уақытта шұбар ат
Алдына келсе тістейді,
Артына келсе тебеді,
Бетіне түгіл шұбардың
Сыртына адам келмейді.

.....




Қаншама көп болса да
Шұбарға әлі келмеді
Неше дәулер жабылды
Бәрін де Шұбар сүйреді,
Біріне - бірі соқтығып,
Қабырғасы күйреді.
Ұшып кетіп кәллесі.
Көбейді жоңғар өлгені,
Ордада тұрды ойнақтап,
Шұбарға ешкім мінбеді.
Ашуланып хан тажы
Әр жерден ұста алдырды,
Енділігі жеті кез
Темір үйді салдырды
Темір үйге тастарды,
Шұбар атты кіргізіп.

Жеті жылдан кейін Байшұбар темір үйді бұзып шығып,
Алпамысты зынданнан босатады.



Қамбар ата




Қазақ түйенің пірі – Ойсыл қарадан былай тілейді:





...“маң – маң басқан, маң басқан,
Шудаларын шаң басқан,
Төрт аяғын тең басқан,
Екі өркешін қом басқан,
Тілін тікен теспеген,
Алабота, теріскен,
Мұрындығы келіскен,

“Шәк!” – дегенде, «Бық!»
деген,
Шешіп үйін жүктеген,
Ойсыл қара баласы –
Түйе бассын үйінді,
Кие бассын үйінді!”



“Түйе, түйе, түйелер!
Тұзың қайда, түйелер?”



Ойсыл қара







Көшпелі тұрмыста түйені құнанша кезден бас үйретіп, көш – қонға жеңіл жүк артып пайдалана бастайды. Түйенің жабдығы жылқынікінен мүлде өзге – салт міну үшін емес, жүк арту үшін ыңғайланған.

Түйені ерттемейді – жазылайды. Әуелі түйені шөгеріп белдік салады, оның үстінен жазы салынады. Жазының үстінен ұштары бір – біріне байланған жазы ағаш салынады. Жазы ағашқа айыл – құр байлаулы болады. Жазы ағаш солғасын түйені тұрғызады. астына арқан бауыр киіз салып айыл – құрды ар жағына өткізіп, түйені қайта шөгереді.



“Сиыр бақтым – сидаң қақтым»




Қазақ Зеңгі бабадан былай деп тілейді:



“Сыыр берсең сүтті бер өңкей
мама,
Кең өріске шұбыртып өзің
бағып,
Кешке жақын қотанға әкеп қама.
Қос жегуге жарамды
Ылғи бойшаң өгіз бар,
Жұп – жұбымен егіз бер.
Бұқалары тіреудей,
Әр түстен ыңғай сегіз бар.


Сәйгел тисе мөңкіген,
Оқыра тисе жөңкіген,
Ала бас жіп естірген,
Мұрнын тура тестірген,
Құйрығында шоғы бар,
Жапалап тастары тағы бар,
Саздау жерге тоқтаған
Сыыр деген мал екен ...
Зеңгі баба баласы
Сыыр бассың үйінді,
Сыймай бассын үйінді!”



Төлдер




Бұзау және Лақ







Қой сүйеді баласын «қоңырым» деп,
«Ештеңені білмейтін момыным!» деп.
Сиыр сүйеді баласын «торпағым» деп,
«Қараңғы да баспаған қорқағым!» деп.
Түйе сүйеді баласын «боташым» деп,
«Жаудыраған көзіңнен тоташым!» деп.
Ешкі сүйеді баласын «лағым» деп,
«Тастан тасқа секірген шұнағым!» деп.
Жылқы сүйеді баласын «құлыным» деп,
«Тұлпар болып жүгірер жұрыным!» деп.



Жұмбақтар

Келеді бір жануар, үстінде екі тауы бар.


(Түйе)

Көкке шаншып құйрығын,
Келеді шауып жүйрігім.

(Жылқы)

Басында мүйізі бар,
Үстінде киізі бар.

(Сиыр)




Кішкентай ғана бойы бар,
Айналдырып киген тоны бар. (Қой)



Басында таяғы бар,
Төрт аяғы бар,
Сегіз тұяғы бар,
Иегінде сақалы бар.

(Ешкі)



МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

2. *Мал өсірсең қой өсір,
Өнімі оның көл-көсір.*




Ақсақ қой түстен кейін маңы райды.

Таңбасыз тай, енсіз қой болмайды.

Семіздікті қой ғана көтереді.

Саулықтың жасы үлкен,
Қошқардың басы үлкен.

Мал – адамның бауыр еті.



Тыйымдар



Малды теппе
Малды басынан ұрма
Ақты баспа
Түйенің астынан өтпе
Атқа теріс мінбе
Малды үркітпе, қарғама.




Шірлер

Құландатып көбейткен байлық екен.

Ет пен майға өң бойы тұтас екен.

Егіздетіп жылда төл қосқан екен.



Назар аударғандарыңызға

көп рақмет!!!

